

ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМАКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ



4' 2011

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

СОДЕРЖАНИЕ

АКИМБЕК Г.Ш., КАИМОВ М.Д. Тематическая взаимосвязь в поэзии М.Ж. Копеева и Абая.....	9
✓ БАРАТОВА М.Н., ЖУСУПОВ Н.К. Особенности собирания пословиц-поговорок, загадок, образцов айтыса Машхур Жусипом	16
БАЙНАЗАРОВА Л.А., ЖОЛДАСОВА А.А. Пути использования изафетных сочетаний в языке тюркских письменных памятников.....	22
✓ ЖУСУПОВ Н.К., БАРАТОВА М.Н. Особенности собирания фольклора Машхур Жусипа	29
ЗЕЙНУЛИН А.Ф. Система обучения магистрантов профессиональному казахскому языку.....	34
КАЛДЫБЕКОВА А.М., ШАКЕНОВА М.Т. К вопросу о понятии тюркизма в лингвистике.....	43
КАНАБЕКОВА М. Некоторые вопросы стилистики казахского языка.....	50
КАРИПЖАНОВА Г.Т. Композиционная повествовательная структура художественного текста...53	
КАРИПЖАНОВА Г.Т. Ж. Аймауытов и проблемы терминообразования.....	60
КЕНЖЕТАЕВА Г.К. Дифференциальные признаки глаголов зрения в немецком и казахском языках.....	66
✓ КУДЕРИНА А.Е., КУДЕРИНА А.М. О жанровой специфике телевидения Республики Казахстан.....	71
НУРГАЛИ К. Критика о женской прозе в современной русской литературе.....	78
НУРГАЛИ К. Проблематика и художественный мир женской прозы.....	83
✓ ОМАРОВА Р.А., ЖАМАНКЕНОВА Д.А. Особенности поэтического перевода (на материале поэтических произведений немецкого поэта Р.М. Рильке и их переводов на русский язык К.П. Богатыревым и переводов соавтора данной статьи Жаманкеновой Д.А.).....	88
САРБАЛАЕВ Ж.Т. Гуманистические идеи в религиозных произведениях М.Ж. Копеева	97
✓ ТАШИМХАНОВА Д.С. Коммуникативная компетентность как компонент профессиональной деятельности журналиста.....	102

ТЕМИРБЕКОВА Г. К. Грамматические особенности слово-предложения в современном казахском языке.....	106
ШАИКОВА Г.К. Гендерные стереотипы в языке и речи	110
ШАХАЖАНОВА Г.К. Проблемы перевода детской поэзии.....	115
ЫСКАК Б.А. Характер и новые грани художественного искания	120
Наши авторы.....	130
Правила для авторов	132

Ж.Т. САРБАЛАЕВ
ҒИБРАТ АЛ, ЕЙ, АҒАЛАР МЫНА СӨЗДЕН...

Аса көрнекті акын, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінің бір парасы - діни тақырыпқа арналған. Өмірдің сан салалы қырларын қамтитын Мәшһүр Жүсіп жырлары оқырманды сабырлыққа шақырып, ізгілікке үндейді. Бұл жырлардың түпкі идеясы – ислам дінінің қағидаларымен үштасып, астасып жатады.

Ал азаматтық әуені айқын туындылардың үлгісі ретінде таразылауды «Шайқы Ысқақ» жырынан бастауға болады. Бұл – діни білім берумен қоса

ғибраты да, тағылымы да мол, әсіресе діннің де – кешегі кеңес өкіметі оқытып үйреткендей, қараңғылық емес, қатып қалған догма емес, жағдайға карап, даму үстінде түсінілетін үздік ілім екенін аңғартатын туынды. Жыр былай басталады:

Фибрат ал, ей, ағалар мына сөзден,
Жастықта тәубе қылып, иман ізден.
Шайхы Ысқақ кәллә бәди Рахметулла
Ғалайһи өткен екен бүгін бізден

Өз заманындағы ғылымға жетік, бәлкім оқымаған кітабы жоқ, шын білімді діндар жан бір күні қатты ауырып, өлім жақын екенін білген соң, жақын туыс-туғандарына ақырғы тілегін айтады.

Сонымен, о дүниеге аттанған Шайхы Ысқақ көріне кіреді. «Көмген жандар қырық қадам» ұзасымен, жауап алмаққа періште Мүңкір-Нәңкір жетіп келмей ме?

– Барасың, Ысқақ, қайда кітап жүктеп?
Сен неге қарамайсың бізге беттеп.
Періште Мүңкір-Нәңкір бек һайбатлы
Сұрайды сөз басында:

– Мән раббик! – деп.

Сонда Ысқақ жауап берді, тында не деп:

– Болды ма жалғыз кітап сендерге жүк?

«Аллатер киёб айтаууақ ғала аламиғына айткіс»,

Айтшы өзің мағынасын «Матараккиб!» деп [1, 93 б].

Берген сұрағын нәніпәтір қылмаған шайхының қайта өзіне сұрақ қойып, оның жауабын білмегеніне сасып қалған періште амалсыз Алла алдына барады. Білмейді бұлар «Тараккиб», «Ғауамилді»,

Шайқы Ысқақтың ашуы қатты келді.

– Періште, түк білмейтін надансың! – деп,

Кітабын қолына ала ұмтылды енді.

Шайқы Ысқақ молдалығы басым шықты,

Бір салған періштеге қысым шықты.

Құдайдан пәрмен болып, періштелер

Екеуі екі жаққа қашып шықты [1, 93 б].

Өздері түк білмейтін, уәжден жеңілген періштелер, амал жоқ, Ысқақ пендеден қашып құтылады.

Жігіттер, бар ғой ақыр бір өлерің,

Білемін: басқа түсіп, сол – көңерің.

Несіне сұм дүниенің мәз боласың,

Осындай қылар сенің бар ма өнерің?! [1, 94 б].

Бұдан шығатын түйін – дау жоқ, түсінікті. Білімді, иманды пендеге ажал да қорқынышты емес. Ол о дүниеде де жол табады. Оның алдында перілер

түгіл, періштелер де кішіреюге мәжбүр. Иман, адалдық – адамның ең басты қасиеті. Адам болу керек, хак дін жолында жүру керек.

Енді мұндай өлеңдердегі діни ұғымдағы жалпыға ұғынықсыз сөздердің мағынасын түсіндіре кеткен де орынды шығар. Бұған орай ақын неге халыққа түсініксіз сөздермен сөйлеген деуге де болмас. Өйткені осынау сөздерді қолдану шын қажеттіліктен туғаны күмәнсіз. Айталық, *хикмет* – даналық ұғымын беретінін көбіміз білсек, әдетте өзбектің сөзі делінетін *кәлла* сөзі арабша *бас* деген ұғымды береді. Сондай-ақ 1-ші том түсініктерінде де көрсетілгендей: «*гауамил* – себеп-салдар, әсер етуші күш», «*тараккиб* – құран, құрылыс, сөз тіркесі», «*сарф* – морфология, *наху* – синтаксис, *таухид* – біріктіру, бірлестіру, *кәләм* – сөздер, *ақайд* – діни кітаптың аты, *мантық* – логика, *таирих* – анатомия, *хашия* – діни кітаптар бетінің шетіне жазылатын сөздер, *муназир* – жарыс сөз, айтыс, *уафа* – жалған, сондықтан *биуафа* – жалған емес, *бахас* – зерттеуші ғалым, *дәфән* – жерлеу, көму, *Мән раббик* – «Құдайың кім?» ұғымдарын береді.

Дәстүр мәселесі - кең ұғым. Әр халықтың әдебиеті мен өнерінде әр дәуірде көптеген дәстүрлер пайда болып, өркендеп, оның озығы ілгеріге жетіп отырады. Мәшһүр Жүсіп – адамгершілікпен қатар ақындық жолда да Абайды әрқашан аға тұтқан, үлкен үлгі көрген шайыр. Оның қай қадамында да өзі бастан кешкен заман, уақыт табы барлығы – әрине, талассыз. Ол да өмірді өнер-біліммен, ағартумен, өнермен өзгертуге боларына қатты сенген. Ендеше сөзі мен ісі бір жерден шығып, ақ жолдан таймаған ақынның кейде жеке өз басын асқақтатып, қалың қазаққа қатты ықпал жасағанын айтуы да табиғи, жарасымды іс. Осы ретте оның «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» деп тақырып қойылып берілген өлеңі де келісті көркемдігімен, кемел ой-пікірімен көзге түседі. Айтпақшы, бұл өлең кітаптың «Өзі туралы айтқандары» тарауының бетін ашып тұр.

Тірлік пен денсаулықта – баста бағым,

Онан соңғы дәулетім – тіл мен жағым.

Құдай берген он екі мүшелерім,

Өз өнерім – өзіме алтын тағым [1, 95 б].

Тірлік – Алла берген ең үлкен ырзық болса, он екі мүшесі түгел саламат денсаулық сол ғұмырда бақ екені талассыз. Алайда ақын үшін дәулет – мал мен мүлік емес, ақындық. Сондықтан да ол өзін патшадан кем сезінбейді. Өнері – алтын тағы.

Мұның үстіне талай-талай ұлы ақын, қаламгерлердің бағзыдан айтып келе жатқан «Өмірбаяным – өлеңдерімде» деген сөздерінің Мәшһүр Жүсіпке де ортақ етәні екенін көреміз. В.Г.Белинскийдің: «Ақын – қоғамның, уақыттың, адамзаттың органы және өкілі» [2, 43 б],- дегеннен өмір материалдарын ой елегінен өткізін барып, ақындық шабытпен жырлағанда рухани олжа болатыны белгілі жәйт. Ол – қандай адам болды, қандай азамат еді, осы өлеңді оқыңыз да, біле беріңіз:

Баянауыл: Қызылтау – өскен жерім,
 Кірім жуып, кіндігім кескен жерім.
 Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,
 Келер қоршап бойыма ғайып пірім.
 Айдабол мен Күліктен – шыққан затым,
 Мәшһүр деген – бір лақап, Жүсіп – атым.
 Орта бойлы, қой көзді, ішти мұртты,
 Аққұба, бидай өнді қияпатым [2, 95 б].

Ақын бұл өлеңді 1903 жылы жазыпты. Өзі айтқандай, 45 жаста. Бағы асып, өлеңнің алтын тағында отырған кезі.

Халық, қауым – оның өзіне айналса, өзі – халық, қауымның қайғы-қасіретін, қуаныш-қамын, озықтық-олқылығын басынан өткеріп, етене болып кетеді. Міне, оның «Бес парыз» өлеңі де – осы айтқанымызға айғақ.

Жігіттер, «Өнер алды – ғылым-білім»,
 Деген жан құлағың сад, Ислам – дінің.
 Өз еркін өзінде боп тұрған шақта
 Күн өткен тірілікте сайра, тілім [2, 138 б].

Атынан-ақ белгілі боп тұрғандай, ақын әрбір мұсылманның атқарар бес парызын жыр тілімен жеткізеді. Бес парызды білу, өтеу – мұсылмандықтың шынайы белгісі. Ендеше өлеңнің осыны таратып, таныстырған тұстарын алға тарта кету де бір парыз десек артық кетпейміз.

Исламның бес парызы: біреуі – *иман*,
 Таппайды бұл бесеуін дүнне жиған.
 Ықтиқат, шын ниетпен жұмыс қылып,
 Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған.
 Екінші – *намаз* екен бізге парыз,
 Айтпасаң білмегенге – бізге парыз.
 Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,
 Құдайға жетеді екен сонда ғарыз....
 Үшінші – бізге парыз шаһы *рамазан*,
 Бұл дағы бір қаруың – жетсе қазаң.
 Ұмытпай бір күн қастан қаза болса,
 Алпыс күн кінарат бар, осы – сазан...
 Төртінші бізге парыз – *зекет* малдан,
 Бұл пәле тосатұғын әр қамалдан.
 Жүрмейді зекетіңе қабыл болып,
 Ақсақ, соқыр, тып-типыл күйрық-жалдан...
 Біреуі – бес парыздың *қажыға бару*,
 Бұл жолға мал мен жанды керек салу.
 Шақырған бір Алланың ол жеріне
 Байларға қиын екен бармай қалу [2, 139-140 б].

Міне, келешек те, кемелділік те – осында: жас баланы кішкентайдан оқуға беруде. Түк білмей өскен надан бала қандай, дін ілімін, дүние білімін оқып өскен, тоқып өскен бала қандай? Айырмасы соқыр мен көзі ашықтай, көңілі сәулелідей болмай ма? Жұмақ пен тозаққа апарар мінез-құлықтың да сын-сипатын кішкентайынан біліп, көкейіне түйіп өспей ме?

Бір қызығы – нақ осы ғажап (ұжмақ) пен азаптың (тозақ) өткелі де жеті түрлі көрінеді. Айталық, шырын сөзділік, жылы жүзділік, хақ жолындағы зікір иесі болу, кішіпейілділік, қолы ашықтық, шыншылдық, намазы көп болу – жұмаққа жеткізер жеті іс-мінез болса, тозаққа табыстырар – осы айтылған жақсылықтардың антиподтары. Сонымен, мұсылмандық пен көпірліктің де ажырау тұсы бес парызды өтеуден басталып, бес жүз түрлі жақсылыққа жақын болудан сабақталмай ма?!

Иә, негізгі мәселе – шама келетін қарапайым адамдық шарттарын орындауда. Жағдайың болса, денсаулығың көтерсе, дүние-мүлкін болса, адам болу – адамдық парыз, міндеттерді орындау қажеттігі ешқандай дәлел тілемесе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗИМІ

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.

2 Белинский В.Г. Полное собрание сочинений. Т.6. М.: 1961.

3 Гуманистические идеи в религиозных произведениях М.Ж. Копеева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 05.04.12 ж. редакцияға түсті.

Ж.Т. САРБАЛАЕВ

ГУМАНИСТИЧЕСКИЕ ИДЕИ В РЕЛИГИОЗНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

М.Ж. КОПЕЕВА

ZH.T. SARBALAEV

HUMANISTIC IDEAS IN M.ZH. KOPEEV'S RELIGIOUS WORKS

Резюме

В статье рассматривается вопрос гуманистических идей в религиозных произведениях М.Ж. Копеева.

Resume

The article considers the issue about humanistic ideas in the religious works of M.Zh. Kopeev.